

ұлттық қауіпсіздікті жан-жақты нығайту; экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту; мәдени-гуманитарлық, ғылым-білім және басқа шектес салалардағы халықаралық ынтымақтастықты арттыру; азаматтарымызды құқықтық қорғауды, олардың шетелдердегі жеке, отбасылық, іскерлік мүдделерін қорғауды күшейту. Жолдауда көпұлтты және көп конфессиялы қоғам табысының негізі саналатын жаңа қазақстандық патриотизм бағытындағы басты мақсаттарымыз – қоғамдық келісімді сақтау және нығайту қоғам, ұлт ретінде өмір сүрудің айнымас шарты екендігі сөз болды. Жаңа қазақстандық патриотизм бағыты бойынша мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беру тәсілі арқылы патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. Барлық этностар азаматтары құқықтарының теңдігі барлық қоғамдық бірліктің біріктіретіндігі анық. Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлығы жауапкершілікті тіл саясатының қазақ ұлтының біріктіруші басты факторлардың бірі екендігі атап көрсетілді. Жаңа патриотизмді қалыптастыруда мәдениет пен дәстүрлер іргетасын бекіту заңдылықтары, ұлттық интеллигенцияның қоғамдағы рөлі, XX ғасырдағы Қазақстандағы дін төңірегіндегі тұжырымдар айқындалды. Жолдау аясында Мемлекет басшысы болашақтың Қазақстаны төмендегідей болатынына сенімді: «Мен 2050 жылғы қазақстандық патриотизм – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары» (2). Мемлекет басшысының Жолдауда ұсынған тапсырмаларын жүйелі және өз мерзімінде орындау Қазақстандағы жаңа саяси бағыттардың іргетасы саналады. Сондықтан «Қазақстан-2050» Стратегиясы Отанымыздың жаңа ұлы жетістіктері мен табыстарын жалғастырудағы тиімді өркендеудің тиімді әрі берік бағыттаушысы болмақ.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан-2030 Стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы, 1997 ж. қазан.
2. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы 14 желтоқсан 2012.
3. Кирьяков А. Г. Воспроизводство инноваций в рыночной экономике (Теоретико-методологический аспект). - Ростов-на-Дону: Изд-во РГУ, 2000. - С.120.
4. Ермұхаметова С.Р. Конституция-инновациялық дамудың негізі ретінде// Қазақстандық халықаралық құқық журналы №3(47), Алматы 2012., 36 б..

Рыскалиев Д.У. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға қытушысы

Урисбаева А.А. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2050 СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ, ОҚУ ПӘНІ ЖӘНЕ ФУНДАМЕНТАЛДЫҚ ҒЫЛЫМ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ, АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

Өркімнің жұмыспен қамтылуын, әлеуметтік, экономикалық бағыттағы құқықтары бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттілігін, жан-жақты барынша ескеретін қоғам құру мәселесі азаматтық қоғамның барлық институттарының және мемлекеттік органдардың қатысуымен іске асырылады. Аталмыш міндетті іс жүзінде жүзеге асыру елімізде қолайлы экономикалық жағдай қалыптасуымен қамтамасыз етіледі және, сол себепті, неғұрлым ауқымды міндеттер қоюға мүмкіндік береді. Азаматтық қоғамның институттарының бірі болып – кәсіптік одақтар танылады.

Еңбек құқығын, ғалымдар ортасында, еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатын асыруға бағытталған негізгі құқық саласы деп біледі. Ол орынды тұжырым, сол үшін және саланың маңыздылығын ескеріп осы пәнді барлық мамандықтар бойынша оқу жоспарына енгізілетін қажет деп білемін. Оған себеп жоғарғы оқу мекемесін бітіретін әрбір түлек – ертеңгі басшы,

менеджер, еңбектің, жұмыс (қызмет) үдерісін дұрыс ұйымдастыра білетін жауапты қызметкер болып қалыптасуға тиіс.

Азаматтық қоғам жүйесін одан әрі жетілдірудің жаңа міндеттері 2012 жылы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентімен қабылданған «Қазақстан – 2050» Стратегиясына сәйкес айқындалып [1] сол міндеттердің іске асырылу механизмдері бірқатар Кодекстерге өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі, сонымен қатар, жаңа заңдардың қабылдануы негізінде айқындалуда. Қазақстан халқын әлеуметтік қолдаудың бірқатар жоспарлы қадамдары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» тақырыбына жазылған мақаласында айқындалып сол қадамдардың іске асырылу тетіктері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 шілдедегі № 961 Қаулысымен айқындалды. Осы Қаулыдан бөлек Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2012 жылғы 24 шілдедегі № 3 Өкімі қабылданды.

Азаматтық қоғамды қалыптастыру міндеті, алғашында, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды жетілдіру» Тұжырымдамасының қабылдануына байланысты айқындалып жаңа сипаттағы міндеттер мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер тарапынан іске асырылуда. Азаматтық қоғамды жетілдірудің кейінгі бағыттағы міндеттері Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 154 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасымен айқындалды. Осы Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, жоғарғы стандартты адамның өмір сүру сапасын қалыптастыру мақсатында қабылданды [2]. Аталмыш Тұжырымдама негізінде, еңбек қатынастары саласында, азаматтық бастамашылдықты іске асыру мүмкіндіктерінің айқындалуы және осы бағыттағы құқықтық актілердің әзірлену міндеттері қойылды. Яғни, адамның және азаматтың өтініштерін белгіленген тәртіпте уәкілетті мемлекеттік органдармен, заңды тұлғалармен қарау міндеттілігі ерекше бақылауға алынатындығы көзделген. Азаматтық қоғам – мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, сонымен қатар азаматтардың мемлекетті, қоғамды басқаруға қатысуының үдерісі және соның негізінде құқықтық тәртіпті орнықтыруға бағытталған институт ретінде айқындалады. Осы мәтіндегі ұғым саяси, әлеуметтік – экономикалық, мәдени, ұлттық, діни, отбасылық және басқа қатынастардың барлық жиынтығын білдіреді және жеке мүдделердің әралуандылығын көрсетеді. Осы Тұжырымдамаға сәйкес азаматтық қоғам институттары құрамын: саяси партиялар; жергілікті қоғамдастықтар; кәсіптік одақтар; діни бірлестіктер; шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер; бұқаралық ақпарат құралдары; сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар; коммерциялық емес мекемелер; заңды тұлғалардың одақтары (қауымдастықтары); қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашыл топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар құрайды. Азаматтық қоғамның басты тармағы, бөлігі болып кәсіптік одақтар танылады. Кәсіптік одақтар – азаматтардың кәсіптік мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылатын, сондай-ақ, өз мүшелерінің басқа да әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру мен оларды қорғау, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту үшін ерікті түрде құрылатын дербес, тіркелген жеке мүшелігі бар қоғамдық бірлестіктер болып табылады.

Азаматтық қоғамның функциялары болып: азаматтық бастамаларды қолдау, дамыту және көтермелеу; қоғам мүшелерінің мүдделерін жақындастыру; азаматтардың жалпымемлекеттік және жергілікті проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету; қоғамда жалпы адами нормаларды, құндылықтар мен адамгершілік негіздерін бекіту; адамның тәуелсіз өмір сүруін қамтамасыз ететін еңбек өнімділігі үшін жағдай жасауға қатысу; әлеуметтік еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі аса маңызды қоғамдық функцияларды орындайтын кәсіподақ ұйымдарының қызметін қолдау; өмір сүру сапасының жоғарғы стандарттарына қол жеткізу; еңбек қатынастарын үйлестіру; халықтың бай және кедей жіктері кірістерінің арасындағы айырмашылықты қысқарту болып табылады.

Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері болып: әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жүйесін құру; қабылданған шаралар нәтижесінде елде демократиялық мемлекеттің басты қағидаты – азаматтық қоғамның басты құндылығы ретінде адам құқықтарын қамтамасыз етуді жан-жақты іске асыру айқындалған. Сонымен қатар, елдегі еңбек қатынастарының әлемдік стандарттар деңгейіне жеткізілу міндеті және экономикалық өсудің, қызметкерлердің еңбекақысын арттыруға ықпал ететіндігі айқындалады. Елде мемлекеттің, жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың тиімді әлеуметтік әріптестік жүйесі тетігін қалыптастыру міндеті қойылды. Азаматтық қоғамның экономикалық құрамдас бөлігіндегі шағын және орта бизнесі үлесінің айтарлықтай өсетіндігі айқындалды. Сол кезеңде осы Тұжырымдаманы әзірлеу мен іске асырудың құқықтық негіздемелері болып: Конституция, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен мақұлданған 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт; «Ассоциация бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау туралы» Халықаралық еңбек ұйымның №

87 Конвенциясы; Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан – 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 1996 жылғы 23 мамырдағы № 2995 Мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыру Тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 2002 жылғы 23 қыркүйектегі № 949 Құқықтық саясат Тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен мақұлданған 2002 жылғы 23 қаңтардағы № 85 Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау туралы Тұжырымдамасы танылады.

Аталмыш Тұжырымдаманың 6.4. бөліміне сәйкес еңбек заңнамасын жетілдіру мақсатында қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында еңбек заңнамасын әлеуметтік мемлекет қағидаттарына сәйкес келтіру; қызметкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуде кәсіподақтардың рөлі мен орнын арттыру; ықтимал жанжалдар мен еңбек дауларының алдын алу мақсатында меншік иелері мен кәсіподақтар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл еңбек қатынастарын реттеуде орын беретін ауыртпалық орталығын кәсіпорындар деңгейіне ауыстыру; жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерінің арасында жасалатын ұжымдық шарттар шеңберінде тиімді келіссөздер жүргізу үдерісін қамтамасыз ету тетіктерін енгізу; қызметкерлердің мүдделерін қажеттіліктерін қанағаттандыру және өнеркәсіп орталықтарындағы өткір әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу мақсатында кәсіподақтардың үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жүйесін жолға қою талап етілді.

Осы мақсатта ұлттық стандартты айқындай қажеттілігі мемлекетіміздің әлеуметтік экономикалық саясатының келесідей бағыттарына негізделді: еңбекақы төлеу; зейнетақымен халықты қамсыздандыру; халықты әлеуметтік сақтандыру және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету; медициналық қызмет көрсету стандарты мен отбасын әлеуметтік қолдау стандарттарын айқындау; азаматтың жалпы және ақпараттық мәдениетінің стандарттарын, экологиялық мәдениет стандарттарын айқындау. Аталмыш Тұжырымдамаға сәйкес азаматтық қоғамды дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру 2006-2011 жылдарға есептелді. Бірінші кезеңде, 2006-2008 жылдары, мемлекеттік органдардың, бизнес пен азаматтық қоғам институттары ынтымақтастығының тетіктерін нығайту міндеті айқындалды. Екінші кезеңде, 2009-2010 жылдары, еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту, қазақстандық қызметкерлердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету міндеті айқындалды. Сол кезеңде, үкіметтік емес ұйымдардың білім беру қызметтері мен қоғамның қоғамдық-саяси өміріне қатысуға қол жеткізу саласында – мүгедектердің, жұмыспен қамту мен жұмысқа орналастыру саласында жастар мен әйелдердің құқықтарын қорғауға бағытталған жобаларды тұжырымдауға белсенді түрде тартылатындығы айқындалды. Билік құрылымдарының қоғам алдында, бұқаралық нысандарда, есеп беру модельдері бекітіледі. Жанжалдарды соттан тыс шешу тетіктері, дауларды келіссөз арқылы соттар арқылы сотқа дейін реттеу практикасының белсенді түрде енгізілетіндігі айқындалды. Үшінші кезеңде, 2011 жылдан бастап, азаматтық қоғам институттарын дамыту жүйелі және үдемелі сипатқа ие болатындығы, бизнес пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасауын оңтайландыру қазақстандық қоғамды дамыту проблемалары бойынша жыл сайынғы баяндамалар жарияланып, жыл сайынғы тыңдаулар өткізілетіндігі белгіленді.

Осы аспектіде еңбек заңнамасының сақталуын және дұрыс қолданылуын зерттеуге байланысты Алматы қалалық үкіметтік емес Ұйымдарының Конфедерациясы АҚНО «Әріптес» тарапымен қызметкерлердің құқықтарының бұзылуының жай-күйі туралы өткізген ақпараттық талдау жұмысының қорытындысы бойынша, Қазақстанда еңбек заңнамасының жұмыс берушілермен жаппай бұзылуының фактілерінің бәсеңдемей тұрғандығы айқындалды. Сол зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша келесідей мәлімет жария етілді: 2010 жылға дейінгі, республика деңгейінде, қызметкерлерге қатысты төленбеген тікелей жалақы мөлшері – 47 миллиард теңгені құрады. Жалпы, тікелей жалақыға жанама басқа да өтемақылар бойынша жұмыс берушілердің қарызы – 77 миллиард теңгені құрады. Прокуратура органдарымен, 2011 жылға дейін, 3,5 миллиард теңгеге жуық жалақы сомасы өндіріліп кінәлі жұмыс берушілерге белгіленген тәртіпте құқықтық шаралар қолданылды [3, 256.].

#### Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы – Алматы: ЮРИСТ, 2013-48 б.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі № 154 «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлығы. Астана, 2006 ж., 15 б.
3. Л.Н. Мартынов. Профсоюзы Казахстана и трипартизм: реальность и перспективы // Трехстороннее Соглашение по социальному партнерству. Руководитель проекта: заведующий кафедрой Юридического факультета КСКО, проф., д.и.н. Л.С. Ахметова, Алматы, 2010.-252 с.